

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 21 шілде N 1020. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1132 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 6 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне бір орынбасары болуына рұқсат етілсін.
3. "Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 8 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 1, 5-құжат) күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 21 шілдедегі
N 1020 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Үкімет құрамына кірмейтін, заңдарда көзделген шектерде, - көші-қон және демография саласындағы басшылықты, сондай-ақ салалық үйлестіруді, өзге де арнайы атқарушылық және шешуші функцияларды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттіктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық
о р г а н д а р ы б а р .

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Агенттікке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Төрағаның бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Агенттіктің ережесі мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы: 473039, Астана қаласы, Әуезов көшесі 103 " а " .

7. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің атқаратын қызметін қаржыландыру республикалық бюджет есебінен ғана жүзеге асырылады.

Агенттікке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Агенттікке заң актілерімен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқықтар берілген жағдайда, мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген адамның тұрғылықты жерін еркін таңдау, еңбек ету бостандығы, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау, еркін бару, еркін жүріп-тұру құқықтарын қамтамасыз ету;

2) республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның өткен тарихы мен дәстүрлерін, даму болашағын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және халықаралық ұйымдардың ұсыныстарына сәйкес мемлекеттік

көші-қон және демографиялық саясатты әзірлеу мен іске асыру;

3) қазақтардың өзінің тарихи отанына қайтып оралуына жан-жақты жәрдемдесу, оларды қоныстандыру және жергілікті ұлттың қоныс аударушыларына атаулы көмек көрсету мен әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру жөніндегі басқа да шаралар кешенін іске асыруды ұйымдастыру;

4) әлеуметтік-экономикалық ынталандыруды жасау негізінде көші-қонның кездейсоқ және реттелмеген процестерінің алдын алу мен әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайлардың өзгерулеріне байланысты көші-қон ағынын бағыттауға жәрдемдесу;

5) халықтың көші-қон мәселелері бойынша, оның ішінде астыртын көші-қонды азайту саласында басқа мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

6) демографиялық процеске талдау және болжам жасау, көші-қон процессін басқару, республика халқының санын көбейту саясатын іске асыруға қатысу.

11. Агенттік заңдарда белгілеген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) елдегі көші-қон және демографиялық процестерді талдау мен болжам жасайды және бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне, жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды; <*>

2) халықтың көші-қонын реттеу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар жасайды ;

3) халықтың көші-қоны және демография саласындағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларды әзірлейді, өз құзыретінің шегінде олардың орындалуын қамтамасыз етеді ;

4) ішкі және сыртқы көші-қонның, демографиялық жағдайдың ағымдағы және ұзақ мерзімді болжамдарын жасайды;

5) өз құзыретінің шегінде көші-қон және демография саласындағы заңдардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асырады;<*>

6) шет елдердегі қазақ диаспорасының тарихи отанына ерікті түрде қоныс аударуына байланысты олардың проблемаларын зерттейді;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына көшіп келу квоталарын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

8) бекітілген көшіп келу квотасы шегінде оралмандарды қабылдау мен орналастыруды ұйымдастырады; <*>

9) келген босқындарды, оралмандарды, реэмигранттарды және мәжбүрлі қоныс аударушыларды, оралмандарды тіркеуді, есепке алуды, сондай-ақ заңдарда белгіленген жағдайларда оларға сараланған жәрдемақылар мен жеңілдіктер төлеуді жүзеге асырады; <*>

9-1) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;

< * >

10) Қазақстанның шет елдердегі өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелерінің белгіленген көшіп келу квотасына сәйкес республикаға қоныс аудару туралы өтініштері бойынша ұсыныстарын зерделеу және олар бойынша қорытындылар әзірлейді;

11) өзінің аумақтық органдарының жұмысына басшылық жасайды және үй л е с т і р е д і ;

12) өз құзыретінің шегінде оралмандардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді ескере отырып оларды жинақы орналастыру мәселелерін шешеді; <*>

13) халықтың көші-қоны және демография мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жасайды;

14) Қазақстан Республикасындағы халықтың көші-қоны және демография мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлейді; <*>

15) азаматтардың хаттарын, шағымдары мен ұсыныстарын қарайды, олар бойынша қажетті шаралар қолданады, Агенттіктің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша азаматтарды қабылдауды жүргізеді;

15-1) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша елдің басқа аймақтары мен елді мекендерінен экономикалық перспективалы аймақтар мен елді мекендерге қоныс аударуы ынталандыруға жататын адамдар санын анықтайды; <*>

16) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ 15-1)-тармақшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 704 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.01.29. N 98 қаулысымен .

12. Агенттіктің негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру үшін:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан Агенттікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды сұратуға ж ә н е а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының аумағын бұрын мәжбүрлі немесе ерікті түрде, сондай-ақ еңбек көші-қоны бойынша тастап кеткен отандастарды Қазақстан Республикасына ерікті түрде қоныс аудару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен басқа мемлекеттердің үкімет органдарымен, ведомстволарымен және ұйымдарымен келісімдер жасасуға;

3) көшіп келушілердің өтініштері бойынша оларды оралмандар, реэмигранттар, еріксіз қоныс аударушылар, оралмандар немесе босқындар деп тану туралы немесе оларға бұдан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға; <*>

4) Қазақстан Республикасында саяси баспана алуға ниет білдірген

адамдардың жазбаша өтініштерін қабылдауға, ол үшін қажетті құжаттарды ресімдеуге және Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті шешімдері негізінде саяси баспана берілгені туралы куәлік беруге;

5) Қазақстан Республикасындағы халықтың көші-қоны мен демографияның жай-күйіне ықпал ететін қаржы-несие, инвестиция, салық шараларын әзірлеуге қ а т ы с у ғ а ;

6) халықтың көші-қоны мен демография мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге және өз құзыретінің шегінде оларды бекітуге;

7) шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыруға тиісті рұқсаттар беруге;

8) халықтың көші-қоны мен демография проблемалары бойынша конференциялар мен семинарлар өткізуге;

9) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

ЕСКЕРТУ. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.01.29. N 98 қаулысымен .

3. Агенттіктің мүлкі

13. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

Агенттіктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ құны Агенттіктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүлік есебінен қалыптасады. <*>

ЕСКЕРТУ. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.01.29. N 98 қаулысымен .

14. Агенттікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке ж а т а д ы .

15. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жасауға құқығы жоқ.

Агенттікке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік жасау құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

17. Төраға Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

1) орынбасарының және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерінің шегін белгілейді;

2) Агенттік қызметкерлерін, аумақтық органдардың басшыларын және

олардың орынбасарларын заңдарда белгіленген тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Агенттікті білдіреді; <*>

4) Агенттіктің бұйрықтарына қол қояды;

5) Агенттіктің құрылымы мен штат кестесін, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдары туралы ережені бекітеді;

6) заңдарда белгіленген тәртіппен Агенттік қызметкерлерін және аумақтық органдардың басшыларын көтермелеу, оларға материалдық көмек көрсету, тәртіптік жазалар қолдану мәселелерін шешеді; <*>

7) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004.01.29. N 98 қаулысымен.

19. Агенттік төрағасының жанынан консультациялық-кеңесуші орган болып табылатын алқа құрылады. Алқаның сандық және жеке құрамын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.